

№ _____ қызмет көрсету шарты /

Атырау қ.

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Бірінші тараптан _____ негізінде әрекет етуші _____ тұлғасында «Атырау Жарық» АҚ бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталып және екінші тараптан _____ негізінде әрекет етуші _____ тұлғасында _____ бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталып, бірлесе отырып «Тараптар» деп аталып төмендегілер туралы _____ хаттама негізінде баға ұсыныстарын сұрау әдісімен сатып алу нәтижелері бойынша осы шартты жасасты.

1. Шарттың нысанасы

1.1. Өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша Орындаушы Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша осы шарттың 1.3.т. көрсетілген қызметтерді көрсетуге, ал Тапсырыс беруші бұл қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Тапсырыс беруші өз кезегінде орындалған жұмыстарға осы шарттың талаптары бойынша _____ төлем _____ жасайды.

_____ **жалпы сомасы (жазбаша),**
соның ішінде ҚҚС 12% - _____ (жазбаша)

1.3. Орындаушы бұдан әрі «Қызметтер» деп аталатын мына қызметтерді _____ көрсетуге міндеттенеді.

1.4. Жұмыстарды орындау мерзімі _____ ж. _____ ж. дейін. Орындаушы жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға құқылы.

1.5. Қызметтер Тапсырыс беруші немесе оның өкілетті өкілі Қызметтерді жұмыстарын орындау актісіне қол қойғаннан кейін көрсетілген болып саналады.

2. Тараптардың құқығы мен міндеттері

2.1. Орындаушы:

2.1.1. Қызметтерді тиісті сапада көрсетуге міндетті.

2.1.2. Қызметтерді осы шарттың 1.4.т. көрсетілген мерзімде толық көлемде көрсетуге міндетті.

2.1.3. Егер Орындаушы Қызмет көрсету процесінде жұмыстың сапасын нашарлатып, шарт талаптарынан ауытқуға жол берген болса, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық анықталған кемшіліктерді _____ күн ішінде тегін түзетуге міндетті.

2.1.4. Орындаушы жұмысты өзі орындауға міндетті.

2.2. Тапсырыс беруші:

2.2.1. Жұмысты осы шарттың 1.2.т. көрсетілген баға бойынша, Қызметтерді қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәттен бастап 360 күн ішінде төлеуге міндетті.

2.3. Тапсырыс беруші:

2.3.1. Орындаушының қызметіне араласпай, оның орындап жатқан жұмысының жүрісі мен сапасын кез келген уақытта тексеруге құқылы.

2.3.2. Тапсырыс берушіден шартты орындаудан бас тарту туралы хабарлама алғанға дейінгі Орындаушының орындаған қызметтерінің бөлігіне белгіленген бағасының бөлігін үйлесімді төлей отырып, актіге қол қойғанға дейін кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

3. Бағасы мен төлеу тәртібі

- 3.1. Тапсырыс беруші жұмыс орындалған күннен бастап 360 күнтізбелік күн ішінде, осы шарттың талаптарына сай көрсетілген қызмет сомасын аударуға міндеттенеді.
- 3.2. Шарттың 1.2.т. көрсетілген жалпы сомасы түбегейлі болып табылады және Тараптардың өз міндеттемелерін осы шарт бойынша толық орындағанға дейін өсіруге жатпайды.
- 3.3. Салық, баж және өзге де бюджет төлемдеріне қатысты ҚР заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар осы шартқа сәйкесті өзгертулер енгізуге міндеттеліп, соған сәйкес Қосымша келісімге қол қояды.
- 3.4. Тапсырыс беруші шарттың 1.2.т. көрсетілген соманы 3.1.тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде үлестеп төлеуге құқылы.

4. Тараптардың жауапкершілігі

- 4.1. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін бұзғаны үшін кінәлі тарап басқа тарапқа мерзімін өткізіп алған әрбір күні үшін шарттың бағасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық төлемін төлейді, бірақ сметалық құнының 5% асырмайды. / За нарушение сторонами сроков исполнения обязательств по договору виновная сторона уплачивает другой стороне неустойку в размере 0,1% от цены договора за каждый день просрочки, но не более 5% сметной стоимости
- 4.2. Тараптардың осы шартта көзделмеген жауапкершілік шаралары ҚР аумағында әрекет ететін азаматтық заңнамалардың нормаларына сәйкес қолданылады.
- 4.3. Тұрақсыздық төлемін төлеу Орындаушыны өзіне орындауға жататын міндеттемелерді орындаудан немесе бұзушылықтарды жоюдан босатпайды.

5. Кепілдіктер

- 5.1. Мердігер осы шарт бойынша орындалған жұмыстар мен пайдаланылған материалдар МемСТ талаптарына сәйкес екендігіне кепілдік береді.
- 5.2. Кепілдік және үздіксіз жұмыс мерзімі объектіні эксплуатацияға тапсыру-қабылдау актісіне тараптардың өкілдері қол қойған сәттен бастап 12 айды құрайды.

6. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ.

- 6.1. Осы шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және _____201__ж. дейін әрекет етеді, ал өзара есепке алу бөлігінде тараптар міндеттемелерін толық орындағанға дейін.

7. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІН ӨЗГЕРТУ МЕН ТОҚТАТУ

- 7.1. Шарт тараптардың келісімі немесе форс-мажор себептері бойынша тоқтатылуы мүмкін.
- 7.2. Осы шартты біржақты тоқтатуға жол берілмейді.

8. ФОРС-МАЖОР

- 8.1. Осы шарт бойынша тараптардың кез-келгенінің міндеттемелерін толық немесе ішінара орындай алмау жағдайлары басталған кезде, нақтырақ: өрт, табиғи апат, соғыс, кез-келген сипаттағы әсікери операциялар, эмбарго, тыйым салынған экспорт пен импорт, орындау мерзімі осы себептердің әрекет ету уақытына сай шамалас мезгілге шегеріледі. Егер бұл себептер үш айдан астам уақытқа созылса, онда тараптардың әрқайсысы осы шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан бас тартуға құқылы және мұндай жағдайда тараптардың ешқайсысына осы шартты орындау бойынша жауапты болмайды. Форс-мажорлық себептердің басталу сәтіндегі өзара есепке алулар 10 күн ішінде жүргізілуге тиіс.
- 8.2. Егер өкілетті (табиғи монополияға қарсы) орган осы шартта көзделген қызмет шығындарын бекітуге қарсы болған жағдайда осы шарт тоқтатылуы, өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген жағдайдың басталғанын растау үшін бекітуге қарсы болған сәттен бастап 5 (бес) күннен кешіктірмей «Тапсырыс беруші» «Мердігерге» жазбаша дәлелдеме ұсынады.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

9.1. Дау туындаған жағдайда тараптар келіссөздер жасау жолымен реттеу шараларын қабылдайды.

9.2. Дауларды келіссөздер жасау жолымен реттеу мүмкін болмаған жағдайда олар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Осы шартқа жасалған кез-келген өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалғанда және тараптардың соған өкілеттігі бар өкілдері қол қойған жағдайда ғана әрекет етеді. Осы шарттың қосымшалары оның ажырамас бөлігі болып табылады

10.2. Осы шарт орыс тілінде екі данада жасалған. Екі данасы да бірдей және бірдей күші бар. Тараптардың әрқайсысында осы шарттың бір данасы бар.

Тараптардың заңды мекенжайлары мен банктік деректемелері /

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ

МЕРДІГЕР

«Атырау Жарық» АҚ
